

Сайран ӘБУШӘРІП

(Түркістан)

АФРАСИАБ

(Алп Ер Тонга)

В статье на основе анализа персидско-тюркских источников и произведений, а также сказаний показывается жизнь Афрасиаба (Алп Ер Тонга), его доблестная борьба за умножение мощи и славы Турана.

Bu yazıda Fars-Türk kaynakları, eserleri ve efsanelerinde yer alan Afrasyab'ın (Alp Er-Tonga) Turan'ın bağımsızlığını güçlendirme uğurunda yaptığı mücadelesi anlatılmaktadır.

Көне Иран мен Тұранның патшалары мен сардарлары, сондай-ақ көзге көрінген басқалай тұлғаларының ежелден-ақ Иранның ауыз және жазба әдебиетінен орын алғандығы белгілі. Бұл ретте “Авеста”, “Шахнама” мен “Дезал-Иранның он мың жылдық тарихын” (Тегран, 1357 (1979), 1-20-беттер) атап өтуге болады [1].

Аталған шығармаларда нақты хронологиялық деректердің болмауы, олардағы айтылған әңгіме-меңзеулердің көпшілігі ел аузынан келе жатқан аңызға құрылғандықтан ой тастау үшін қажет болғанымен, Тұранның саяси-этникалық тарихын нақтырақ зерттеуге ұйытқы боларлықтай ұстанды тұстары аз. Дегенмен басқа тарихи дереккөздер мен руникалық жазбаларда келтірілген хронологиялық көрсеткіштермен салыстыра отырып, оларды жанама, көмекші мәліметтер ретінде пайдалануға болады деп білеміз. Ал бұл шығармалардағы Афрасиабқа қатысты мәліметтердің тарихилығы талас тудырмаса керек.

Бұл ретте, әсіресе, Хорасанның Таборон ауылында 940 жылы дүниеге келген А.Фирдаусидің орта парсы тілінде жазылған “Шахнама” дастанының деректік-танымдық маңызы зор. Кітаптың толық мәтіні 1999 жылы Қатре баспасынан (Иран) 1367 бет болып алтыншы рет басылып шыққан. Атынан да көрініп тұрғандай ол - “Шахтар хақындағы кітап” болып, 4000 жылдық тарихи оқиғаларды бейнелеген шын мәніндегі үлкен жылнама. Онда 50 патшалық сипатталған, ежелгі тайпалар тарапынан шығарылған қаһармандық дастандар мен аңыздар, сондай-ақ Иран мен Тұранның сонау Ескендір заманынан /б.э.д. IV ғ./ басталып саманилердің ақырғы шахы Яздигирд III өліміне дейінгі /б.э. 651 ж/ кезеңдерде болған тарихы қамтылып, анық та дәлме-дәл суреттелген. Онда Алп Ер Тонганың өмірбаяны мен жорықтары,

оның Рустам, Кайковус, Кай-Хосрау және Иранның басқа билеушілерімен қақтығыстары, әулеті және ордасы жөнінде егжей-тегжейлі айтылған.

Афрасиаб жөніндегі мәліметтерді Қашқари мен Джойажи береді [2]. Оның қасіретті өлімі жөнінде “Turk Bilik Revusu” (IV. Misir, 1934) атты еңбекте егжей-тегжейлі жазылған. Сондай-ақ, оның ұрпақтары, әсіресе, Ержасыптың өмірбаяны жөнінде Груут, Маркварт қызғылықты деректерді тауып, әдеби айналымға енгізген [3].

Геродоттың “Тарихында”, Ассирия жазбаларында, Иран мен Ислам жазбаларында Афрасиаб-Алп Ер Тонга түрлі атпен аталған. Алп Ер Тонга жөніндегі дастанның бір бөлігі “Дивану луғат-ит-Туркте” [4] берілген. Аталған Елбасы-Қолбасшының тарихи іс-әрекеті “Жамиғат – Таварихтегі” “Оғуз қаған” дастанының алғашқы бөлімінде және ұйғыр әрпімен берілген “Оғуз қаған” дастанында сипатталған. Соңғысы көлемдірек болғанымен, түпнұсқадан жырақтау. Алп Ер Тонга туралы Хас Хажиб, Джовейни, Ш.Маржани, Маасудилер сөз қозғайды, “Шаджара-и Теракимиде” әңгімеленеді. Сондай-ақ Алп Ердің өмірі мен жорықтары жайлы Атсыз және Көроғлы сияқты авторлардың еңбектерінде баян етілген [5]. Turk Edebiyatları Antolojisi (Kultur Bakanligi. Ankara, 1993, I, 22-23-б.) кітабында мәліметтер берілген.

“Авестада” әлемнің алғашқы патшасы және алғашқы адамы ретінде “Каюмарс”, ал соңғы адамы ретінде жеңімпаз “Сушиант” есімді біреу көрсетіледі. Және де оларға мадақ-мақтау сөздер арналған Каюмарс есімі (Кай-көне парсы тілінде – патша мағынасында келеді–С.Ә.) Шығыстың Ибн Балхи, Хамза Исфahanи, Х. Мостуфи сияқты және басқа авторларының еңбектерінде де тілге алынады. Ибн Балхидің айтуынша, Каюмарс 40 жыл билік етіп, 1000 жыл ғұмыр кешкен. Көне Иран аңыздарында ол жартылай бұқа, жартылай адам түрінде

* Фрай Р. “Авеста” сөзі “мадақ”, “өсиет” мағынасын білдіреді десе (Фрай Р. Наследие Ирана. М., 1972, 54-б.), Авестаның дүниеге келуіне 2700 жыл толуына бағышталып Ташкентте 2000 жылдың желтоқсан айында өткізілген ғылыми конференцияда сөз алған академиктер А.Асқаров, А.Қаюмов, проф. Исқақовтар Авеста сөзінің басында тұрған “а” жиынтықты бейнелейтін болса, сөздің “весто” бөлігі “білім” мағынасында келген деген пікірді алға тартты. Ендеше, бұл сөздің мағынасын “Ақ бата” немесе “О баста” деп оп-оңай ғана түсіндіріп таратуға әуес боп жүрген біздің қазақ авторларымыздың этимологиялық ізденістерін құптай қою қиын.

бейнеленген (әсіресе, “Шахнама” бойынша). Каюмарс—адамдарды тамақ пісіріп жеуге үйреткен Ұстаз.

“Авестаның” Яште кітабы бойынша, Иран елінің екінші патшасы Хушанг саналады. Кейбір аңыздарға қарағанда, ол-Каюмарстың ұлы, ал басқа аңыздарда Каюмарстың үлкен ұлы Сиемактың баласы ретінде аталады. Хушанг от пен темірді ойлап тауып, адамдарды егіншілік пен мал шаруашылығына үйретті. Оның өмір сүрген уақыты — б.д.д. 1200 жылдар шамасында.

Сиемак, тарихшылардың айтуынша, 40 жыл билік құрып, 500 жыл өмір сүрген. “Шахнамада” жазуды ойлап тапқан Тахмурад (Тахмауруп) тілге алынып, ол 30 жыл патшалық еткен деп көрсетіледі. Бұл дастанда Тахмурад Афрасиабтың арғы тұқымы ретінде көрсетілген, соған меззейтін тұстар бар. Ал “Авестада” Тахмурастың диюлармен, іблістермен болған шайқастары жөнінде сөз болады. Ол пұтқа табынушыларға тыйым салған, Құдайға құлшылық етіп мүмін (момын) болуды насихаттаған көсем. Ыдырыс пайғамбардың дінінде болған. Шығыс тарихшыларының басым көпшілігі “ораза тұту” соның заманында пайда болған және оның себебін сол кездегі жұттың салдарынан деп түсіндірген. Иран тарихшылары Тахмурад 800 жыл ғұмыр кешіп, 30 жыл билік құрған деп айтады. Сол дәуірде Мерв (Мары), Исфахан сияқты қалаларды салдырған көрінеді.

“Авестаның” “Гатя” және “Яште” тарауларында Иран патшасы Жәмшидтің есімі аталады. Ол дәрігерлік ғылымның негізін салып, матадан киім тігіп киюді үйретті, кеме жасады. Қауымды абыздар, хатшылар, егіншілер мен қолөнершілер сияқты топтарға жіктеп көрсетті. Оның кезінде жүзім шарабы да жасалынған көрінеді. Тарихшылар Жәмшидтің билік құрған мерзімі 700 жыл, ғұмыры 1000 жыл деп көрсеткен.

Жәмшид дәуірі Иранның алтын ғасырының бастауы болды, ал одан кейін 1000 жылдық билік құрған Ажидаһак заманы қараңғы түнектен басқа ештеңе емес еді.

“Авеста” бойынша, “Ажидаһак” “Ажи” — жылан немесе айдаһар және “Даһак”-ібіліс, мақұлық, зиянкес мағыналарын білдірген екі сөзден құралған. Ажидаһак Фаридун шахтың қолынан қаза табады. Жәмшид патшаның билік құрған соңғы жылдарында оның пұтқа табынушылыққа берілгендігіне байланысты жапа шеккен халық тоз-тоз болып, шашырап кетеді. Осы тұста араб нәсілдес “Шадад ибн Ад” немере інісі Ажидаһакты қалың қолмен Жәмшидке қарсы шабуылға аттандырады. Нәтижесінде ол патша тағын иемденеді. Сөйтіп Иранды Заххок атты басқыншы билейді. Бірақ ұста Кава оны тақтан тайдырып, орнына Фаридунды (“Авестада”—Ферейдун) патша етіп қояды. Ол — ежелгі Иранның

Жәмшидтен кейінгі ең атакты және ұлы патшаларының бірі және де “Авестада” Ажидаһакты өлтіруші тұлға ретінде тілге алынады. Фаридун Исфаһан мен сол төңіректі Каваның (немесе Кавен) құзырына береді. Кавен өле-өлгенше сол мансапта қалады.

Мұғтардың айтуына қарағанда, Ферейдун (Фаридун) отқа табынушы, ал үнділердің айтуынша, пұтқа табынушы болған. Алайда оның әділ патша болғандығын тарихшылардың басым көпшілігі мойындайды. Сондай-ақ, ол астрология ғылымының негізін қалаушы және медицина ғылымында жаңалық ашушы адам ретінде танылған.

“Авеста” бойынша, Ферейдун билігінің елуінші жылында Ажидаһактың қыздарының біріне үйленеді. Одан екі перзент сүйеді. Олар Сырым немесе Сәлім және Тұр. Ал парсы текті әйелі Ирандохттан Ирадж есімді ұлы дүниеге келеді.

Ферейдун бес жүз жыл өмір сүрген, оның үш жүз жылын патшалық тақта өткізеді.

Табари және Балами әрі ибн Әсирдің айтуына қарағанда, Ферейдун Кавен дүниеден озғаннан кейін екі жүз жыл ғұмыр кешкен. Ол өзінің билік жүргізген мемлекетін үш ұлына бөлген. Сырымға берген өлкені – Сырман мемлекеті десе, Турға сыйлаған елін – Туран елі деп, Ираджға табыс еткен мемлекетін – Иран деген екен. Пашанг және оның ұлы Афрасиаб Тур ұрпақтары делінеді.

А.Фирдаусидің “Шахнамасында” о баста дүниенің үшке бөлінетіні баяндалады:

Бе се бахш кард афридуне джахон,
Иски рум ва хавар дигар торк ва чин.
Севом даште гардон ва ирон хамин,
Нохостин бе салм анжарум бенегарид
Хаме рум ва хабар марова ро сазид
Дигар тур ро дод турон замин.

Варо кард солоре торкон ва чин... (36 б.-Фаридун).

Осылайша әлем үшке бөлінеді де, Фаридун үш аймаққа билеуші етіп үш ұлын тағайындайды, Рум мен шығыс билеушісі етіп Сәлімді, Қытай мен Туран билеушісі етіп Турды, ал Иран мен кең дала билеушісі етіп Фаридунның ұлы Иражды тағайындайды. Басында тату-тәтті тұрған ағайындылардың арасына уақыт өте келе Рум билеушісі Сәлімнің азғыруымен от түседі. Сәлім Турды азғырып кішкентай бауырымыз Ирадж бізден гөрі табыстырақ болды. Оған Иранды берді. Ал біздің үлкен екендігімізге қарамастан Иран тағын бермеді деп айдап салады. Содан бастап Иран Тұран соғыстары белең алады.

Иран әпсаналарындағы Фаридунның (Траетаон) ұлы Турадж немесе Тур түрік атымен мәлім болған көне қауымның арғы ата-тегіне байланыстырыла айтылған есім [6] деген пікірдің жаны бар. Бұл жерде адам аты мен ел-жұрт атауы бірігіп кеткен сияқты. Ал Турлардың негізінен ирандық бір қауым болғандығы жөніндегі пікірлерді болжамдар ретінде қабылдаймыз. Бұл шынында да солай. Үнді деректемелерінде Түркістанның оңтүстігінде “Турушка” атаулы бір қауым жасаған деп көрсетілген. Соған сәйкес бағзы бір зерттеушілер “Турушканы” түрік сөзінің өзгерген түрі деп есептеп, осынау қауымды түрік сипаттас дегендей сынай танытады. “Турушк” сөзі “Кочо” (Турфан) жазбаларында “Турушка” түрінде жазылған. Бұлардың “Түрік-Ұйғыр” мағынасында ұғынылғанын және Ұйғыр қағандарының да “Түрік қағаны” деп аталғанын ескерсек, мәселенің мәні тіптен айқындалып, ашыла түседі.

“Тұран” мен “Түрік” сөздерінің түбірі “тур” (“түр”, “түр”). “Авеста” және оның түсініктемелерінде “түрік” сөзі “ик” жалғауымен аяқталған басқа қауым атауларымен бір қатарда тілге алынған. Орта және көне иран тілдерінде жиынтықты білдіретін – ік, (-ик) қосымшасы болған. Және ол Хуон Турк, Дженик, Копулик, Субдик (Соғдылар), Хромаиктер сияқты сөздердің баяны берілген тұстарда кездеседі [7].

Немесе “Авестада” тура халқының бірінші бабасы деп айтылған Фрияна Тураны еске алайық. Демек, Түрік пен тур бір түбірден жасалған, бір ұғымды білдіретін өзектес, кіндіктес сөздер болып табылады. Тур, түрік, төре... күш-күдірет дегенді білдірген сөздер деп анықтауға болады. Олай болса, бұл атау Түрікке Тәңірінің назары түскендігін (тәңірлік күш-қуаттың берілгендігін) айрықша бейнелеу үшін қолданылған термин сөз, яғни эпоним мен этноним. Бұл ретте М.Қашқари былай дейді: “Түріктерге Тәңірдің өзі арнайы ат қойған” [8].

Бұл ертеден Тәңірлік сенімде болған табыну салты бойынша ру-тайпалардың өздерін айдың сәулесі, күннің нұры, су перісі, киелі ағаштан немесе құс-жануарлардан жаралған Тәңірінің өкілі, тектінің ұрпағы деп аруақтандырып көрсететін шежірелік мирастың жарқын көрінісі. Соңғы түрік тайпаларының бәрінде де осындай үрдіс болған.

Тұранның орта ғасырлардағы тарихи географиясының өзегінде “тур” сөзі ұшырасады. Таулар мен өзендердің тура аталуы кейінгі замандарда да сақталып қалған:

“Жомарт батыр әдетте Боролдай өзенінің жанындағы Үлкен – Тура мен Кіші – Тура тауларының маңында қыстаған” [9]. Ал Ермак 1581-84 жылдары Тура, Тобыл өзендерінің маңында

орналасқан Көшім ханның шағын ғана “Сібір патшалығын” талқандап, Сібірдің ішкі жағына қарай жылжыған. Өзен жағасында Көшім ханның жас жұбайы Сүзге тұрған Сүзге-Тура қаласы бар еді...[10]. Қазіргі Горно-Алтайск бұрындары Ойрат-Тура деп аталған. Мұның бәрі Тур, Тура деген тайпа не Адам аттарының жер-су атында сақталған түрі болуы мүмкін деген ойға жетелейді.

Сондай-ақ, Тура Тюмень облысы жеріндегі өзен, Тобылдың сол саласы. Және алғашқы сиырдың аты да Тур.

Яғни антропоген дәуірінің екінші жартысында тіршілік етіп құрып кеткен мүйізді ірі қараның тегі [11]. Бұл ретте малшылардың турлар деген атпен аталуы ықтималдығы тұрғысында да ой қозғаса артық болмас деп білеміз. Сонымен қатар он үшінші Яштеде /“Авестада”/ тур сөзі халық атауы ретінде де тілге алынғандығын естен шығармалық.

Сондай-ақ, Рашид-ад-диннің “Жылнамалар жинағы”, Қ.Жалайырдың “Жами-ат-тауарих” (Шежірелер жинағы), Қытай тарихшысы То Жидің “Моңғолдар туралы белгілеулер” атты еңбегі және үш томдық моңғол тарихының көрсетуі бойынша, “Тури” IX-XII ғасырлардағы жалайырлардың ішіндегі он рудың бірі [12].

Сонымен, Тұранды жүздеген жылдардан бері миллиондаған жандар нақты адам деп, нақты адамдардың нақты Атасы деп те білген. Ол шынында да Тур есімді малшы болған шығар. Бірақ оның хатқа түскен өмірбаяны жоқ. Тегі, ортасы, өмір сүрген заманы туралы нақты деректер жоқ. Ал халық аузындағы шежірелер, әпсаналар мен тарихи деректерде Ел атауы ретінде сипатталған. Ақырында оны жер-су атауы ретінде де қабылдауға болатын сияқты. Тарихта эпонимнің топонимге, топонимнің этнонимге немесе эпонимнің этнонимге /этнонимнің топоним мен эпонимге де/ айналып тұратыны белгілі. Мұндай кешу Тұранның да басынан өткен болуы керек.

Жоғарыда, яғни Тур, Тұран этимологиясы жөнінде өрбітілген пайымдауларымызға нүкте қоюға асықпайық. Және де олардың жоғарыда баяндалған мәндерін терістеу де ойымызда жоқ. Себебі, олардың екеуінде де белгілі бір ақиқат бар деп білеміз. Дегенмен де Тур мен Тұранның анықтамасын басқашарақ та беруге болатынына көзіміз жете түскендей. Турды Тәңірімен тәндестірген жөн. Чуваш халқында дәл осындай үрдіс атамзаманнан бері қалыптасқан екен [13]. Сібірдің Түмен және басқа жерлерінде, сондай-ақ, түркілер мекендеген Чувашия мен Татария сияқты елдерде Тұр мен тәңірді бір мағынада түсіну кім-кімді болмасын ойландыруы тиіс.

Б.д.д. I мыңжылдықта Апеннин жарты аралын мекендеген этрускілердің мифологиясында Туран – Махаббат пен

өнімділіктің әйел Құдайы. Патша үкіметінің қамқоршысы. Рим өркениетіне дейін-ақ Европада “этриск” деген атпен танымал болған Турусака халқы сақтармен туыстас еді. Туру-сака қуатты сақтар дегенді білдіреді. Ол Европа халықтарының тілдерінде “этриски” болып айтылған. Олардың киім-кешектері мен киіз ою-өрнектерінің башқұрттар, қырғыздар, қазақтардікімен. Есік қорғанынан табылған “Алтын Адамның” бұйымдарымен ұқсастығы таңқаларлықтай. Адиле Айда есімді түркиялық зерттеуші этрускілер мен түріктер ата-бабаларының мифологиясы, тілі және жазуындағы көптеген жақындықты анықтаған [14].

Кейқұбадтың кезінде Ирандықтар Тұранға үлкен шабуыл жасайды. Ал Рустем кезінде басымдылық Ирандықтар жағына бір жолата ауысады. Сол кезде Тұрандықтар Иранға елші жіберіп, олардың бұрынғы шегарасына қайта оралуын талап ете бастайды:

Аз Джейхун ва то Мауереннахр барке

Джейхун мион чист андар гозар.

Бар о буме мо буд хангоме шох

Накарди бар он марз ирадж негох (129-Кейқұбад).

Шах кезінде Джейхун шегара болып бекітіліп еді, оған Ирадж назар аудармады, –деп шағымданады. Тағы бірде Тур Ираджға былай деп өкпе-назын білдіреді:

Беду горт Тур аз мо кохи,

Черо бар находи кулохе чехи.

Торо бояд Иран ва тахте кион,

Маро бар дар торк басте мион.

Бародар ке мехтар бехабар баранд,

Бесар бар торо офсар ва зире гандж.

(41-Фаридун)

Оған Тур айтты: Сен бізден кішісің, неге басыңа тәж кидің, сен Иран тағына отырдың, ал мені түркілер жеріне жіберді. Үлкен аға тақ пен байлыққа ие болмас па еді? –деп өз ренішін білдіреді.

Сонда Ирадж:

Ман Иран нахохам, на хабар на чин,

На шохи на гостарде рум замин (41-Фаридун).

Маған Иран да, Шығыс та, Қытай да, шахтық та, жерді кеңейту де керек емес, –дейді.

Бұған қарамастан Тур Ираджды кейін қайтарып жіберді. Ирадж әкесінің келісімімен бауырларымен кездесу үшін жалғыз барғанда, олардың қастандық әрекетіне тап болып, қаза табады. Ирадждың өлімінен кейін Фаридун біраз уақыт өтісімен тақты Мәнучехрге (Мәноу чехрге) тапсырып, өзі қалған өмірін ғибадат етумен өткізген.

Мәноучехр “Авеста” атты шығармада бір-ақ рет аталады. “Пахлеви” жазбаларында “Сәлім”, “Тур”, “Иродж” есімдері және Ферейдун аталған жерде Мәноучехр де тілге алынады.

“Шахнамада” Мәнучехр жайында молырақ мәлімет берілген. Зәрдашт (Зардушт) он төрт атадан барып Мәноучехрге қосылады. Оның патшалық құрған мерзімі 120 жылға созылған.

Тұрандықтармен болған соғыста Манучехр Турдың басын кесіп Фаридунға әкеледі. Жалпы алғанда, Манучехр кезінде ирандықтар бірсыпыра жетістіктерге қол жеткізеді.

Алп Ер Тонганың (Афрасиаб) әкесі Пашаң заманында Иранда Манучехрдің патшалығы салтанат құрған еді. Ол Иранның алтыншы шахы Фаридун әулетінен және Эраждың немересі. Халық аңыздарына қарағанда, әділет үшін күрескен жан. Оны “Шахнамадағы” өлең жолдарынан білуге болады.

Егер жақсылықтан қалдырсаң нышан,
Атың тұрар елде жарқырап көп заман.

Манучехр өзінің дүниеден көз жұматын уақытының жақындап қалғанын үлкен ұлы Наузардың есіне салып:

Аз он пас биойад зе торкон сепях,
Наханд аз бар тахте Иран колох... (74-б.-Манучехр).

Сыпырып алдым Сәлім мен Турдың бар қолындағысын,
Жаудан алдым бабам Эраждың кеткен есесін...
Кейінірек Тұраннан келер алапат сипох*,
Иран тақ-тәжін көтергей салах...
Тұраннан алапат шығар әкесі Пашаң,
Сонда келешек дүние болар саған таң**, –дейді.
Әрі қарай Зол мен Сомнан*** ғана жәрдем аларсың деп сөзін
тәмамдаған Манучехр бір ауыр күрсініп алып, көзін жұмады [15].

Ирандықтар бірінші болып шабуыл бастайды.

Аз он пас ченин кард кавус рай

Ке дар подшохи де жанбад зе джой.

Аз Ирон бешод то бе турон ва чин,

Гез гард аз он пас бе макрон замин (135-Кабустың...)

Яғни:

* Сипох – парсы сөзі (атты әскер)

** Танг – парсы сөзі (тар деген мағынаны береді). Үзінді автордың аудармасында берілді.

*** Зол – Золи Зар – Сомның ұлы. Анасынан ақ шашты болып туылғандықтан, оның аты Зол. Бұл кексе болған деген мағынаны береді. Фирдауси оны көбінесе Дастан деген атпен береді.

Кабус былай деп шешім қабылдады – патшалық Ираннан басталып Тұран мен Қытайға дейінгі жерді қамти кеңейетін болады. Ол жерден Макронға дейін қосын тартып барылады.

Енді б.д.д. VII ғасырда өмір сүрген және де аты аңызға айналған Тұрандық Пашаң ұлы Афрасиабтың тегі қайдан шыққан, оның өмірі қандай кешті деген сауалдарға тоқтала кетеміз.

И.Джеменейдің жазуынша, Иран жерінде Рустам мен Афрасиаб жайында көптеген аңыз-әңгімелер тараған. Афрасиабтың дүниеге келуі бір аңызда былайша әңгімеленеді:

Шах Пашанг (оның лақабы – Пәкзат Пашанг) жас шағында Әла Писе Жадудың қызына қатты ғашық болған. Әкесінің батасын алмай тұрып сүйген қызына үйленеді. Тоғыз ай, тоғыз күн дегенде ұлды болады да, оған Афрасиаб деп ат қояды. Негізінде ол Фарасиаб немесе Пәрасиаб дегені еді, кейінірек Афрасиаб болып аталып кеткен. Өйткені, кіндік шешесі Афрасиаб сәбидің қап тәрізді болып туылғанын көреді. Зәо де (толғатып жатқан әйел) анықтап қараса, сәбидің орнына қанға толы бір қап туғанын көреді. Кіндік шеше үрейленіп, қанға тола қапты патша сарайының ортасынан алып шығып, ағып жатқан арықтың жағасына апарып, қапты пышақтың ұшымен теседі.

Кенет келбеті мен қолдары шынтағына дейін қызыл түсті сәбиге оның көзі түседі. Қолын сәбидің бетіне тигізсе, қанға малынып қалғанын байқайды. Қан болған қолын арықтың суына жуайын деп арыққа жақындағанда, су ағысының қарқыны күшейіп, сәбиді қолынан ағызып кетеді, содан ол су диірменінің қоймасынан бірақ шығады.

Диірмен тасының тоқтап қалғанын байқаған диірменші су қоймасына бір нәрсе түсіп, бітеліп қалған болу керек деп ойлайды. Сөйтіп су қоймасын тазаламақ болған ол диірмен дөңгелегіндегі уық ағаштарының арасына бір нәрестенің кептеліп қалғанын көреді. Тез арада сәбиді шығарып алып үйіне алып келеді. Сәбиге ес кіргізіп, оны құндақтап орайды. Сәби әлденіп, есін жиған соң, ашыққанын сездіре жылай бастайды. Сол кезде диірменшінің қаншығы да күшіктеген екен. Ол бір бұрышта күшіктерін емізіп жатады. Амалы қалмаған диірменші сәбиді қаншықтың көкірегіне тосады. Қаншық емшегін құшырлана еміп болған нәресте ұйықтап қалады. Диірменші “Ертең нәрестені егесіне апарып берермін” деп ойлаған күйі бір шетке жайғаса ұйқыға кетеді.

Нәрестенің суға ағып кеткенінен кіндік шешесінің шыр-пыр боп жүргені Шах Пашаңның құлағына жетеді. Шах нәрестені тауып алып келу үшін жауынгерлерін жан-жаққа жөнелтеді. Іздеушілер нәрестені қаншықтың қойнында жатқан жерінен көріп аң-таң қалады. Тез арада нәрестені диірменшімен бірге сарайға,

шах құзырына алып барады. Пешәнг шах нәрестенің қаншық сүтін емгенін естіп, қатты қайғырады. Нәрестеге қаншық сүтін еміздіргені үшін диірменшінің басын кесуге бұйырады.

Шах жұлдыз жорамалшылары мен хәкімдерін жинап, сәбидің болашағын болжап беруді сұрайды. Олар: “Афрасиаб қаншық сүтін емгендігі үшін ит сияқты жабайы болады. Туылған кезде қолдары қанға малынып тұрғандығы – ол қанышер болып, қантөгістен тоймай жүреді. Қан төккеннен ол рахаттанып, ләззат алатын болады”, - дейді.

Болжағыштардың айтқаны келіп, Афрасиаб ер жеткен соң жаман мінездердің бәрі оның бойынан көріне бастайды. Ол қанышер, жауыз адам болады. Соғыс кезінде жаулары оны “қаншық сүтін ішкен”, “диірменшінің табалдырығында өскен” деп атай бастаған. Сол себепті де есімін “Ферасиаб” немесе “Пәрасиаб” (яғни “диірмен уығы”) деп қойған. Кейінірек Афрасиаб болып өзгерген. (“Шахнама және халық” Теһрон, 1362).

Ал “Шахнаманың түсіндірме сөздігінде” (Теһрон, 1370) Афрасиаб есімі Авестада “Фарнагрсин”, ал Пахлевиде “Фарасиаб”, “Фарасиак” және “Фәрасиаб” түрінде жазылған делінген. Динкреттің жетінші кітабында “Фарасиаб” есімі Авесталық түрде “Фарнаг расиак” болып жазылған, мұнда ол “Жәді” сипатына баланған. Юсти болса осы “Фәрнәгрсин” сөзіне “қатты үрейге түсіретін адам” деп анықтама берген

Әрине, ирандықтардың Иранның ата жауы және жат саналған Тұран мен оның хақаны Афрасиабты жағымсыз бейнеде суреттеп сипаттауын түсінуге болады. Шыңғыс хан қою қанды уыстап туылған деген аңыз да тараған. Бұл оның жауларының тарапынан айтылған әңгіме болуы керек. Сондықтан осы тақылеттес аңыздарға аса сақтықпен қарасақ па деймін. Сондықтан парсы тіліндегі “Фрасьяк”, “Афрасиаб” есімі “атақ-абырой мен даңққа бөленген “Қарахан” мазмұнымен теңдес және оның түрікшедегі баламасы Алп Ер Тонга екенін оқырманның есіне сала кетпекшімін. Бұл орайда үш сөзден құралған Алп Ер Тонга ныспысына назар аударалық: үш сөздің үшеуін де ерекшелеп тұрған “Ер” рәмізі екенін аңғару қиын емес (Түріктер дастанындағы “Алп” бейнесі жөнінде қараңыз: Kaplan M. *Nurk destanında Alp tipi*. Istanbul, 1955).

Меніңше, Афрасиаб, әсіресе Алп Ер Тонга (Тоңа) күн-түн демей сабылып, Тұранның Дала халқының бас бірлігі мен жан тыныштығы үшін күрескен белгілі адам, қаһарман. Сонымен бірге ел-жұрттың жауын жеңіп, елдік тұтастығына қол жеткізу үшінгі арман-тілегі, мұң-мұқтажынан туған символикалық тұлғаны бейнелеген есім. М.Қашқаридің жазуынша, “Тоңа – жолбарыс тұқымдас бір түрлі хайуан. Ол – пілді өлтіретін аң. Бұл сөздің

негізгі мағынасы осы еді. Бірақ бұл сөз түріктерде мағынасы өзгерген түрде (де) қолданыла береді. Бұл сөз көбіне кісілердің қосымша танылған лақап аты орнына жүреді. Тоңахан, Тоңа тегін деу осыдан.

Түріктердің ұлы ханы Афрасиабты Тоңа Алп Ер деп атайтын еді. Бұл – жолбарыс сияқты күшті батыр адам деу” (Махмуд Қашқари Дивону луғат ат-турк. Т. III, Тошкент, 379-бет).

“Шахнамада” “Афрасиаб – Пашангның ұлы, ал Пашанг Задшамұлы, Задшам Турұлы, Тур Фаридунұлы” делінген.

“Бондехеш” тарауында былай жазылған: “Афрасиаб – Пашангұлы, Пашанг Заешм (Задшамұлы), ол Тург ұлы, Тург Сепден Исәпұлы, бұл болса Ферейдунұлы (Фаридун) екен.

Тұран батыры Алп Ер Тонга (Афрасиаб) Мидия мен Иранның билеушілері болмыш Киаксар (585 жылы қайтыс болған), Кир I (640 жылы ол Парсы билеушісі ретінде танылған [16]) тұсында өмір сүргенге ұқсайды. Ол “Авеста” мен “Шахнамада” баяндалған Пешдадидтер династиясының негізін қалаған Хушаң және оның мирасқорларының заманында болмаған. Деректерге сүйенсек, Афрасиаб “Кай Кави” деген атпен (ирандықтарда – патша, ариліктерде – тайпа көсемі) белгілі болған Екінші династия (мұның 8 өкілінің аттары “Авеста” мен “Шахнамада” көрсетілген) билік құрған кезде бар болған. Бұл династия өкілдері мыналар еді: Кай Кавата, Кай Апиваху, Кай Каус, Кай Аршан, Кай Пишин, Кай Бияршан, Кай Сияуш, Кай Хұсрау. Жоғарыда аты аталған деректерде осылармен бірге Афрасиабтың да аты тілге алынады.

“Авестада” Ариана Вайджаның нақ жүрегінде орналасқан Ворукаша теңізінің жағалауын мекендеген халықтар ішінде арийліктермен қатар, турлардың да аты аталады. Турлардың бір көсемі Йойшта Ранха өзенінің бойында әйел құдай Ардви Суреге бағыштап, құрбандық шалған. Қуатты жауынгер “Туса” биік те қасиетті Кангханың дарбазасында Тұран батырларын жойып жіберу үшін алдымен “Вайсаканың желаяқ ұлдарын” жермен жексен ету керектігін айтады. Ал Тұран батырларының арғы ата-бабалары болмыш Вайсака ұлдары да Кангхада Арви Суреге арнап құрбандық мәресімдерін өткізген және Аши гимнінде айтылғандай, Хаома Тұрандық Афрасиабты тұтқындау ісінде Ашидан көмек күтеді. Мұнда Афрасиабты Чайчастағы (Арал теңізі болуы керек – С.Ә.) Хаосраудың ордасына жеткізу керектігі айтылған. Бір таудан бастау алатын, бірақ біреуі ғана Ворукашаға (мамандардың айтуынша, бұл Каспий теңізі) құятын тәңірлік маңызы бар дариялар болып табылатын Арва мен Датъя (Сырдария мен Әмудария – С.Ә.) басында құрбандық бергендердің

ішінде, ең алдымен арийліктер мен турлардың батырлары болғандығы айтылады.

Алп Ер Тонга иран эпосында Иранның қас жауы Тұрандық Афрасиаб атты билеуші кейпінде көрсетіледі. Ал “Авестада” Афрасиаб Франграсьян атымен белгілі. Ол суды жібермей қойған жауыз рух, жартылай эпсаналық персонаж түрінде бейнеленген. Яштеде (5,41) ол әйел құдайы Ардвисуру Анахитадан даңқты патша дәрежесіне көтерілуіне жәрдемдесуін өтініп сұрайды делінген. Бұдан оның Заратуштр дініне ден қоймағандығын көруге болады.

Грек деректерінде Ассириямен бақталас болған скиф (басқа бір деректе Скит және Скитхай [17]) тайпаларының біздің жыл санауымыздан бұрынғы VII ғасырда Әзірбайжан жерінде қоныстанғандығы айтылады. Ассириялық деректерде скифтердің Ишкуз (салыстырып көріңіз: грекше оксус, окс; түрікше өгіз, өгізсу) патшалығы және оның соғыста о дүниелік боп кеткен Ишпакай деген билеушісі туралы сөз болады. Скифтер б.з.б. 652-625 жылдары Мидияға үстемдігін жүргізе алған [18]. Мұнда Мәди (Маадай Ер) басқарған тұрандықтар қауымының қолы жоғары келген. Оларды Иран жерінен қуа алған жан Каштариту ұлы Киаксар болды дейтін деректер бар. Нақ сол 625 (б.з.б.) жылы қан майданда Афрасиаб қайтыс болып кеткен деп жазған авторлар баршылық (және де көпшілікті құрайды) [19]. Ендеше Киаксардан кейін билік құрған Астиагтың (б.з.б. 585-549) тұсында Афрасиаб болмаған. “Шахнамада” Кайхұсраудың Афрасиабқа қарсы ашқан сойқан соғысы хақында әңгімеленеді: Кайхұсрау бекерден-бекерге өлтірілген әкесі Сиявуш үшін өш алу мақсатында Афрасиабқа қарсы жорыққа шыққан әскерлерге өзі басшылық жасайды [20].

Бұл жердегі Кайхұсрау грекше Киаксар, ал аккадша U-ak-sa-tar түрінде берілген. Бұл тақ иесінің лауазымды атағы парсышада Фраварти немесе Кшатрита, ал грекше деректерде Праортес түрінде кездеседі.

Ал Кир II (559-530 немесе 529), Камбиз (530-522), Дарий (522-486) тұсында Афрасиабтың ұрпақтары өмір сүрген. Кирдің қосын тартып Тұран жеріне келгені бар. Ол Соғдиана жерінде Кир қаласын (Кирэсхатия) салдырған-тын. Хат (Кат) – соғды тілінде қала деген сөз [21]. Кир “б.з.б. 546 жылы (Геродоттың көрсетуінше, б.з.б. 530 жыл) Сырдария жағасында сақтармен ұшырасады. Шайқас басталып кетіп, Кир сол жерде Афрасиабтың (Алп Ер Тонганың) мирасқоры (қызы – С.Ә.) болмыш Томирис тарапынан өлтіріледі” [22].

Махмуд Қашқаридің “Девону луғат-ит турк” және Юсуф Баласағұнидің “Құтадғу білік” шығармаларында Афрасиаб

жайындағы әңгіме түрік хақаны Алп Ер Тонганың атына телінген [23]. Бұл ретте Юсуф Баласағұни былай деп жазады:

Түрік бектері ішінде атын асырған
Алып Тоңға Ер еді, құты тасыған.
Білімі-даңқы ұлы, көптің сарасы
Білімді, ойлы әрі халық ағасы.
Зерек дана көңілі сара, сері еді
Жұтты жалған елге тұтқа ер еді.
Тәжіктер оны Афрасиаб атаған
Елдерге ол көп ізгілік жасаған [24].

Бұл шығармаларда Алп Ер Тонга мен оның ұрпақтары туралы бірсыдырғы мәліметтер берілген. Мысалы, түріктің Барчук атты қаласы тілге алынады. “Ол – Афрасиап салдырған шәһарлардың бірі” [25]. Афрасиабтың перзенттері туралы әңгімеленеді: “Қаз – Афрасиаптың қызының аты. Қаз – ойын шәһарын сол салдырған”. “Сиявуш Қаздың күйеуінің есімі”. “Барсқан – Афрасиаптың ұлы Барсқан салдырған шәһар” [26].

Афрасиабтың басқа қыздары да деректерде тілге алынған. Мысалы, “Шахнамада”:

Бар еді Афрасиаб қызы өте көркем Манижа,
Күн нұрындай раушан қып жүретін төңірегін ылғи бауда.

Афрасиаб қыздарының құрметті атауы – “хатун” (“қатун”) болса, бұл атауды көктүріктер де қолданған және ол қазіргі түркістандықтардың тілдерінен берік орын алған. Бұл түркістандықтардағы тарихи сабақтастықтың осы күнге дейін сақталып қалып отырғанын көрсететін айғақ. Афрасиаб мирасқорларының есімдері (Томирис) грек деректерінде кездеседі. Оларда Томирис және оның ұлының есімі де қатталған (Спаргапипес түрінде) [27].

Дарийдің сақтарға қарсы жорығы басталған шақта сақтар басшылары Сакеспарес, Хомаргес пен Томиристің оңаша бір жерде кеңес құрғандығы мәлім [28].

Деректерде Томирис (кейбір деректерде Томрис деп те жазылған) Сака Тиграхауданың билеушісі ғана емес, массагеттер патшасы ретінде де көрсетілген. Томиристің есімі,-деп жазады Р.Виттек,-түрікшедегі темір – демир (Томер, Томир = Темир) сөзінен алынған [29]. Ендеше Темір әйелді Тома (Хасенов) немесе Тұмар (А.Қыраубаева) деп қалай болса солай түрлендірудің қажеті жоқ.

Афрасиаб – парсы-тәжік әдебиеттерінде түркілер мемлекетінің билеушісі тұлғасын жинақтай білдіретін бейне. Геродот “Тарихында” баяндалған Мәди (Мадиез) және Кайхұсрау арасындағы шиеленіскен қақтығыстар парсы әдебиетінде Афрасиаб

пен Кайхұсрау бейнелерінде көркемдік жағынан бедерленген сияқты. Бұл ретте Кайхұсрау бір уақыттың өзінде әрі Мәдимен, әрі Афрасиабпен қатынаста болған, демек, Мәди мен Афрасиаб екеуі екі бөлек тұлға деп немесе иран эпосы және грек дерегіндегі Кайхұсрау мен Афрасиабтың (сондай-ақ, Кайхұсрау мен Мәдидің-Маадай Ердің де) арасындағы қатынастардың сипаттамасының ұқсап кетуіне қарап, бұлар бір адамның түрлі есімдері шығар деп те ой түйге болатын сияқты. Бірақ соңғы нұсқа шындыққа жақынырақтай көрінеді.

Жырдағы Оғузханның кісілік тұлғасын эрамыздан алдыңғы VII ғасырда өмір сүрген түркілер хақаны Мәдимен, сондай-ақ Афрасиабпен де байланыстыра қарасақ, шындыққа бір табан жақындағандай болар едік. Геродоттың “Тарих” атты кітабында [30] (Мадиез), сондай-ақ ассириялық деректерде Мәди (Мадува) үлкен абырой-атаққа ие болған билеуші сипатында көрінеді [31].

Жылнамашылардың баяндауына қарағанда, скифтер Мидияға 28 жыл бойы, яғни 653 жылдан 625 жылға дейін үстемдігін жүргізе алған. Оларды Мидия мен Иран жерлерінен қуып шыққан Киаксар болды (ол б.з.б 585 жылы қайтыс болған [32]). Ол былай болған еді: Мәди сол 625 жылы (б.з.б.) Мидияға (Иранға) қарсы жорыққа шығады. Бұл жолы оның тағдыры қайғылы тәмамдалады. Оны “татуласу асы” үстінде Мидия * шаһы Киаксар (Кайхұсрау) у беріп өлтіреді. Жоғарыда айтылған Афрасиабтың да б.з.б. 625 жылы о дүниелік боп кеткенін еске алсақ, Мәди мен Афрасиабтың бір кісі екеніне көзіміз жеткендей болады.

Түрік ғалымы Усман Тұран түркі халықтары идеяларының эволюциясын талдауға бағыштаған еңбегінде Тұран әпсаналарындағы Оғузхан Иран аңыз-дастандарындағы Афрасиабтың нақ өзі деп санайды. Оның айтуынша, X ғасырдың араб тарихшысы (Муаррих) Маасуди Афрасиабты оғуздарға байланыстырып сипаттаған екен.

Әбілғазы Баһадүрхан “Шаджара-и турк” шығармасында Оғузды Қараханның ұлы деп көрсетеді [33]. Біріншіден, Қараханды түркілердің үлкен, бас буынына негіз салған Мәди Ердің (Маадай Қараның) нақ өзі деп алуға болады. Өйткені өз заманында-ақ оған “қара” лақабы қосып айтылатын болған. Тіпті Фрасяк және Афрасиаб (бұлар да “қара” мағыналас сөздер) сияқты тайпалардың осылай аталуына да Маадайдың осынау “қара” қасиеті негіз болған сияқты. Себебі, Фрасяк пен Афрасиаб

* Мидиялықтардың өздерін жергілікті және Иран тайпаларының жиынтығы десе болады. Ниневия құлағаннан кейін олар империяны 60 жыл бойы басқарған. Оның құрамында Иран және Ираннан Кіші Азияға дейінгі жерлер болған (Птоломей. География. IV, 2).

есімі “атақ-абырой мен даңққа” ие болған “қарахан” мазмұнымен теңдес. Екіншіден, “қара” үлкендік пен ұлылық белгісі. Ендеше, осынау есімдердің рәміздік-мағыналық жақтары ғана емес, олардың әуезделуі де түркі жұртының тілі мен діліне етене жақын болғандығын ескеру керек. Сондықтан да бұрынғы заман авторлары Қарахан, Оғузхан, Буқухан, Маадай Ер (немесе Маадай Қара), Афрасиаб және Алп Ерлерді бірыңғайластыра һәм тәндестіре қарауға бейім тұрған.

Демек, Оғузхан тарихи тұлға болып, оның аты заманымыздан алдыңғы VII ғасырда жасаған деп есептелінетін түркілер хаканы Мәдидің халық арасында кең тараған даңқты, қосымша атына да айнала бастаған. Олай болса, тарихи және жазба ескерткіштерде ұшырайтын Алп Ер Тонга, Маадай Қара, Афрасиаб сынды есімдердің де Оғузханның аты ретінде түсінілуі жөн болар еді. Оғузханды Мәдиге байланыстыра қарастыруға Махмуд Қашқаридің оны тайпалардың бабасы деп атағаны да негіз бола алады. Түркі тайпаларының бас буынының негізін қалағандар – Мәди және оның ата-бабалары – әкесі Прототей, бабасы Парити және басқа скиф билеушілері. Бұл қауымның аты ассириялықтарда “ишгауз” (ишкуз), Библияда “ашкуз”, кейбір шығыс деректерінде “асгуз” және “окус” деп аталған [34]. Бұл атаулардың “Оғузханмен” (Огуз) үндестігі көрініп тұр. Мұның өзі түрікмендер мен басқа халықтардың Мәдиді оның қауымының атауымен (этнонимімен) атаған болуы да мүмкін деген ойға жетелейді. Ендеше әлі де болса, бұл бағыттағы ізденістерді жалғастыра беру қажет болады. Алп Ер Тонга, Маадай Ер, Оғуз қағандардың кімдер екенін анықтау оңай шаруа емес. Бұл ретте басқаша да ой қорытуға – олар біздің заманымыздан әріде (I мыңжылдықта), Тұран тарихының түрлі кезеңдерінде аренаға шыққан тұлғалар, яғни бір кезде емес, аралары алшақ әр кезеңде өмір сүрген жандар деген кесімді пікір айтуға асықпайық. Бұлай деп айтуға негіз боларлық дәлел-деректер табылып жаста, мойындамасқа лажың қалмас. Бірақ мұндай деректер әзірше ешкімнің қолында жоқ.

Б.з.б. VII ғасырда ғұмыр кешкен Алп Ер Тонга – бүкіл Орталық Азияны қол астында ұстаған жан. Ол Кавказдың солтүстігінен оңтүстікке қарай сапар шегіп, Кіші Азия, Сирия және Мысыр жерлерінде шайқасқан. Мидиямен соғыс жүргізген. Б.з.б. 626, 625 немесе 624 жылдары Мидия билеушісі Кайхұсрау тарапынан өлтірілген. Бұл оқиға түріктердің де, ирандықтардың да жадында жүздеген жылдар бойы сақталып қалды. Алп Ер Тонга Ассирия деректемелерінде Мадува, Геродотта Мадйез, Иран және Ислам жазбаларында Афрасиаб деген атпен мәлім. Оның өмірі мен шайқастары мұсылмандықтан көп бұрын түріктер тарапынан

бір дастан халіне түсірілген болуы керек. Бұл дастанның бір бөлігі “Дивану луғат-ит Түркте” берілген. З.В.Тоганның пікірінше, “Жами-ат Таварихтегі” [35] “Оғуз қаған” дастанының алғашқы бөлімі Алп Ер Тонганың өмірі мен жорықтарына арналған.

Сондай-ақ, Афрасиаб XI ғасырдағы Иран ақыны Қәтран Табризидің бәйіттерінде жырланған (Қәтран Табризи, Девони. Ағамухаммед Наджаванидің нұсқасы бойынша баспаға дайындаған Хусейн Аһи. Тегрон, “Хазар” баспасы, 1901, 559-бет). И.Джеменеидің жазуынша, парсылардың діни кітабы “Авестада” Афрасиаб Тұран патшасы ретінде жырланады. Бірақ Афрасиаб сөзінің мағынасы ол кітапта “қорқынышты, күшті адам” деген мағынада берілсе, Фирдаусидің “Шаһнама” дастанында Афрасиаб шайтани һәм қара пейілді зұлым адам ретінде сипатталады. Ал Қәтран жырларындағы көңіл аударарлық бір ерекшелік, онда Афрасиаб Иран әдебиетіндегідей жағымсыз образ ретінде, ирандықтардың ата жауы болып сипатталмайды. Керісінше, ол беті қайтпас қайсар, жауырыны жерге тимеген палуан, айбыны елден асқан қолбасшы батыр ретінде бейнеленген. Бұл салада оның өзгеше бағыт ұстанған ақын екендігін көреміз. Оны мына бір сөз табиғаты да айғақтап тұрғандай:

Рустам сынды палуан батыр кәпірлер
Әмірлері Афрасиабтай тым қайсар (148-бет).

Бұл жолдар оның Афрасиабқа деген ықыласын бірден аңғартып тұр. Өткен тарихи оқиғаға ақын шынайы суреткер көзімен қарап, Рустамды Афрасиабтай батыр ретінде қабылдаса, Тұран елінің ұлы қағаны Афрасиабтың ерлігін теңдесі жоқ ұлылыққа балай отырып еске алғанда:

Ойран болған Иран оның қолымен,
Сенің патшаң бағына тапсырды жан.
Сенің атаң Сиявуш үшін шаһзадаға,
Афрасиабтай ұлы адам жан тапсырған—,

деп толғануында тарих қапталында бүктелген талай сырдың табы жатыр. Біздің заманымыздың ар жағында 626 жылы Сияуыштың ұлы Кейқысраудың Афрасиабты алдап той салтанатына шақырып, қастандықпен өш алу мақсатында у беріп өлтірген опасыздығына меңзеп отыр. Афрасиабтың қазасы сендер үшін бақыт болды деп отыр. Бұдан артық ашық әрі тарихтағы опасыздық астарын әшкерелей жырлаған ақын болған емес. Бұл шындықтың Иран ақыны Қәтран Табризи аузымен айтылуының зор маңызы бар нәрсе. Бұдан әрі келесі бәйіттерінде Қәтран Афрасиабты сипаттауға “каһан” (қаған) сөзін қолданатыны бар. Қәтран қолданысындағы каһан сөзі һамидтің сөздігінде: ескі, қадыми, ежелгі әрі ұлық, үлкен деген мағынада берілген.

Бұдан шығар қорытынды түйін – Афрасиаб осындай мән-мағынаға лайық қаған болғандықтан ақын оған өзгеше таныммен қараған болуы керек. Өйткені, ақынның Афрасиабқа деген мұндай жылылық танытатын ілтипаты “Авеста” мен “Шаһнамаға” қарағанда өзгешелеу әсер қалдыратыны бар. Себебі “Авеста” мен “Шаһнамада” Афрасиабтың үрейлі, қорқыныш тудыратын дүлей күш ретінде бейнеленетінін ескермек керек. Бұл Қәтрянның Әбумәнсүрге арнаған мадақ жырында Афрасиабты меңзей айтатын өлең жолында: “...оның даңқы Бағдадтан Баласағұнға дейін жеткен (281-бет)”, – деуінде көрінісін тапқан. Яғни Ирактағы Бағдад қаласы орталық Шығыстың бас қаласы болса, Баласағұн қаласы қазақ жеріндегі исламдық әлемнің шегара сызығының бір бүйірдегі тірегі екендігі меңзеледі.

XI ғасырдың ғұламалары Юсуф Хас Хаджиб пен Махмұд Қашқарилар да Алп Ер Тонга туралы сөз қозғайды. Олар иран деректемелеріндегі Афрасиабтың түрікше аты немесе лақабы Тонга Алп Ер дейді. Бұл қаһарман Джовейниде Буку Хан деп, Шаһабеддин Маржаниде Бука Хан бин Пишиң деп аталған. Масудидің жзуынша, Көктүрік қағандары, Джовейнидің пікірінше, Қарахандықтар мен Ұйғыр билеушілері, ал Шаджара-и Теракимеге қарағанда, Селжук сұлтандары өздерін Афрасиаб ұрпақтары деп есептеген.

Джовейнидің “Тарих-и Жаһонгошай” кітабындағы Афрасиаб жайындағы мағлұматтар назар аудартарлықтай. Оның бұл шығармасы 1260 ж. жазылған. Мұхаммед Джовейни Орғұн моңғол патшаларының тағайындауы бойынша Хорасан, Мазандаран, Үндістан, Ирак, Фарс, Керман, Арран, Әзірбайжан, Грузия, Шамның бір бөлігінде билік еткен. Таразда, Қарақорымда, Мауараннахрда болған. Шын және Машын шекарасына дейін аралап жүріп, көптеген оқиғалардың куәсі болған. Оның “Тарих-и Жаһонгошай” кітабын Мұхаммед ибн Абдулуахаб Казвини баспадан шығарған. Бірінші томы – 1912 жылы, екіншісі – 1916, үшіншісі – 1937 жылы Лейден қаласында жарық көрген.

Мұхаммед Джовейни өзінің “Тарих-и Жаһангошай” атты кітабының “Қарақытай хандарының пайда болуы мен жойылуы жайында” деген тарауында былай деп жазады:

“Олардың тегі Қытайдан, заманның ыңғайына орай өз тұрақтарынан жылжып, көшуге тура келген. Оларды бастаған гурхан яғни хандардың ханы болатын”. Қытайдан шығар кезде оған ерген тайпалар мен ағайындарының саны сексен адам екен. Дегенмен, кейбіреулердің айтуына қарағанда, олар қалың топ болып шыққан. Қырғыз шекарасына жеткенде сол аймақта қоныстанған тайпаларға шабуыл жасаған.

Сол маңға түрік тайпалары топ-топ болып қаптап жиналған. Сөйтіп, қырық мың шаңыраққа жуық болған. Аталмыш аймақта қоныс жайлы болмағандықтан көшіп Баласағұн маңына келген. Қазір моңғолдар оны “Ғар балық” дейді. Баласағұн қаласын моңғолдар “Ғу балық” деп атаған. Оның мағынасы – жақсы қала дегені” (43-бет). Ал, неміс шығыстанушысы Магфрид бұл сөзді “Ғүз балиғ” деп білу керек, өйткені ол ғұздардың қаласы, яғни түрік ғұздарының қаласы деген мағынада қолданған болу керек деген пікір айтады. Ал, өзіміздің түрік-қазақ зерттеушілері Баласағұнды біресе Күзорда, біресе Құзорда деп жазады. М.Қашқари Атасағұн деген сөзді тілге алып, оны Ата емші, Ақылман Ата деген мағынада түсіну керек. Сол сияқты “Баласағұнды” да “ақылды бала”, “жас емші” мағынасында білу керек дейді.

М.Қашқари Баласағұн қаласын Афрасиаб салғызды деп жазады. Сол Афрасиаб қазіргі жыл санауымыздан бұрынғы 626 немесе 625 жылы қаза тапқан болса, Баласағұн қаласының жасы да 2700 жыл шамасында деп болжамдауға болатын сияқты. Қазіргі уақытта Баласағұнның үйінді орны ғана жатыр. Қырғыз зерттеушілері Баласағұнды Бұрана үйіндісінің орнында десе, Қазақстандық автор Шалекенов оны Шу ауданындағы Ақтөбе деген жерде болған деп біледі.

Мұхаммед Джовейни “Тарих-и Жаһангошей” атты кітабында Баласағұн мен Тараз қарақытайларға қалай қарағанын былай баяндайды:

“Сол өлкеде өз тегін Афрасиабтан деп санайтын, бірақ ешқандай айбары мен сын-салтанаты болмаған бір әмір тақта отырған еді. Оның әлсіздігін көрген қарлық және қаңлы түріктері ұдайы сол маңда шабуыл жасап, қарақшылық ететін. Аталмыш әмір гурханның қалың қолымен осы өлкеге келіп қоныс тепкенін естігеннен соң халық оған елші жөнелтеді де, қаңлы мен қарлықтардың бұзақылық әрекеттерінен құтқарып, мемлекетінің билігін өзінің қолға алуын қалаған сияқты тілек айтқан.

Гурхан Баласағұнға барып, патшалық таққа отырды. Сөйтіп Афрасиаб ұрпағынан хан атауын алып тастап, оған түріктердің илкі деген лақабын береді. Әрі жан-жаққа қосынын жорыққа шығарып, Құмкішіктен (кичек) Тасырханға, Тараздан Наменжіге дейінгі елдерді өзіне қаратады. Оның өлкесі өсіп дами түсті. Қаңлыларды бағындырды. Қашқар мен Хотанға шабуыл жасап, оларды азат етті. Содан кейін бұрынғы жасаған әрекеттеріне байланысты кек алу мақсатында қырғыздардың шекарасына жорық жасап, беш

балиғты (бес балықты) жаулап алды...” (86-87-беттер). Мұнда “бес балық” деп отырғаны - “бес қала” дегенді білдіреді.

Автор өзінің кітабында қаңлылар туралы да (35,87,88,101,131,139-беттерде) жазады. “Қаңлы түрік тайпаларынан болған” дейді ол (35-б.). Мұның өзі Тараз қаласы бұдан 2044 жыл бұрын салынған кезде Талас алқабында өмір сүріп жатқан қаңлылар 1300 жыл өткеннен кейін де сол аймақтан алыстай қоймағандығын көрсетеді. Бұдан орта ғасырларда Қазақстанның оңтүстігіндегі бірсыпыра қалалар мен жерлерді Афрасиаб ұрпақтарының билегендігі мәлім болғандай.

Әрине, түрлі деректемелер мен жазбаларда көрініс тапқан Афрасиабтың өмірі жөніндегі дастан бізге түгелдей жетпеген. Бірақ, “Диуани луғат ат-Турктегі” жоқтау бұл дастанның шүбәсіз, кейбір өзгерістермен XI ғасырға жеткен кішкене бір бөлігі болып табылады. Атсыздың пікірінше, Фирдауси “Шахнама” дастанында Афрасиабтың іс-әрекеттерін түріктер арасында кең тараған Алп Ер Тонга дастанын (оның ішінде жазбаша да) пайдалана отырып бейнелеген [36]. Бұл дастан б.з.б 330-327 жылдардағы оқиғаларға байланысты дүниеге келген. Аталған кезде македониялық Ескендір Иран мен Түркістанды жаулап алған. Бұл ретте түріктердің басшысы ретінде Шу есімді билеуші тілге алынады. Дастан түріктердің Ескендірмен болған қақтығыстары және олардың шығысқа шегінуі жөнінде мағлұмат береді. Ол шығысқа өтпей, Батыс Түркістанда қалған 22 ру оғуздардың ата-бабалары болғандығын аңғартады.

XIII-XVI ғасырларда жазылған “Оғуз Қаған” дастанында Алп Ер Тонганың өміріне қатысты жайттар ұшырасады. XIV ғасырда Рашид ад-Диннің “Джами ат-Таварих” атты шығармасынан орын алған “Оғуз Қаған” дастанының парсы нұсқасы қомақтырақ. Бұл парсыша нұсқа XIII ғасырда оғуздар арасында мәлім болған дастанның аудармасы болып табылады. Ол дастанның исламнан кейінгі кездердегі мазмұнын қамтыған болуы керек. Ал ұйғыр әрпімен берілген дастан көлемдірек болғанымен, түпнұсқадан жырақтау.

“Бондһештың” “Ирандықтар мен Афрасиаб шайқастары” деген отыз үшінші тарауында “Афрасиаб бір шайқаста Мәноучерді күйретіп, оның ұлын Нүзәрді (немесе Наузарды) өлтірген” делінген. “Шахнамада” да Афрасиаб есімі Мәноучерұлы Нүзәрдің патшалық құрған кезеңінде аталады.

“Авеста” туындысы Нүзәрді әйгілі палуандар қатарына қосып суреттейді және Нүзәрға қатысты ұлықты, атақты адамдар да “Нүзәрлықтар” деп аталған.

“Шахнамада” да Нүзәрдің көптеген батырлық әрекеттері суреттеледі. Иран мен Тұран арасындағы бір кескілескен шайқаста Нүзәр Афрасиаб қолынан қаза табады. Афрасиаб осылайша, бір кездері Мәноучехрдің қолынан қаза тапқан атасы Турдың кегін алады. Содан Иран елі үлкен дағдарысқа ұшырап, Афрасиаб он екі жыл Иран тағына отырады.

Нүзәр Афрасиаб қолынан қаза тапқан соң Иран елі бірнеше уақытқа дейін Афрасиаб патшаның қол астында болады. Содан кейін Мәноучехрдің немересі Тәһмаспұлы Заб қолын жасақтап, соғысқа аттанады да Афрасиабты жеңіп, өзі Иран жерінде бес жыл бойы салтанатты патшалық құрады. Ол өз өмірінде Пишдад патшаларының екінші қатардағы падишасы болған. Сөйтіп, сексен алты жасында дүниеден өтеді.

“Шахнамада” екі Гәршасб (немесе Кересасп) сөз болады. Біріншісі, Мәноучехр қосынының әйгілі палуаны. Екіншісі, әкесі қайтыс болғаннан кейін тоғыз жыл патшалық еткен – Гәнжвәр шах Забұлы.

Ол билік еткен кезеңде Иран әлсірей түскен. Сол себепті Тұрандар Иранға шабуылын жиілетеді. Осындай жорықтардың бірінде Гәршәсп шах Забұлы мәңгілік көз жұмады. Осылайша Пишдад патшалығы соңғы шахтан айырылады. Бұл оқиғадан кейін Иран бастан құлдырау дәуірін кешірді. Осы кезде Зал мен Рустамның батырлық, өжеттік істері көзге көріне бастайды.

Алп Ер Тонга ирандықтардың халық эпосының негізгі және ең сүйікті пахлаваны Рустаммен көп шайқасқан. Рустам – Золдың ұлы. “Шахнаманың” негізгі әпсанауи қаһарманы. Оның атын Фирдауси “Шахнамада” “Берустам” – құтылдым сөзінен таратады. Анасы Рудобаның көп қиыншылықпен көзі жарғаннан кейін бірінші сөзі “берустам” – құтылдым болған. Осылайша жаңа туылған балаға Рустам деген ат қойылады. “Авестада” бұл сөз күдіретті, алып денелі деген мағынада қолданылған.

“Шахнаманың” бас қаһарманы сейстандық (Сакастан) бахадүр Рустам Дастан Иранның әскери күштерінің таянышы. Ол өз елі мен шахқа шексіз берілген жан. Дастанда көрсетілгендей, Рустамның алдына қойған биік мақсаты – ізгі мақсат, бұл – Отан тәуелсіздігі.

Рустам Кайковусты бірнеше рет құтқарып қалады. Сондықтан ол Рустамға дән риза еді:

Батырлар сардары Рустамға тілеймін өмір – абат,
Сыйлыққа берілді оған Нимруз * сияқты сархад.

* Нимруз – ескі заманда Сейстон уәлаяты солай аталған. Бұл жерде, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, алғашқыда түріктер өмір сүрген.

Күндерден бір күні Рустам аң аулап жүріп, Тұран жеріне келіп қалады. Мызғып алып тұрса, аты “Рахши” жоқ. Аласұрып іздейді, бірақ таба алмайды. Сөйтіп жүріп, Самонганға (Ауғанстандағы түріктер мекені) жол алады. Самонган шахының қызы Тахминамен ұшырасады. Тахмина ұл тауып, атын “Сухроб” қояды. Ол ұлына кімнің ұрпағы екенін ұқтырудан жалықпайды. Сен кімсің? Зол, Сом және Найрамның ** әулетіненсің, мұны ұмытпа, мақтан етіп жүр, солардай ғұмыр кеш деген сияқты өсиет-үгіт сөздерін тынбастан айта береді [37].

Бұдан хабар тапқан Рустам Ираннан ұлына арнап үш жақұт және үш қалта алтын жібереді. Хатында ұл жөнінде Афрасиаб (Алп Ер) білмесін, өйткені ол менің мәңгілік бітіспес дұшпаным дегенді білдіреді. Сухраб Ковусты тақтан түсіремін, Иранның баһадүрлерін тізе бүктіремін. Сонда жұрттың бәрі маған тағзым етер, тіпті Афрасиабтың (Алп Ер Тонганың) өзінің назары менің алдымда пәс болып қалады. Біздерге тең келер ешкім жоқ. Өзі мен Рустамды Күн мен Айға теңеп:

Шығар раушан Ай менен Күн бірге,
Көрінбейді Жұлдыз, бере алмас жылу сізге, —
дейді. Содан кейін әкесінен бата сұрайды да, Иран таман жүріп кетеді [38].

Манучехрдің өлімінен хабар алған Пашаң Иранға қарсы соғыс ашу ниетінде Елдің Игі жақсыларын жинап: “Ирандықтардың бізге не істегенін білесіздер. Түріктің өш алатын кезі келді”, — дейді. Сол сәтте оның ұлы-Алп Ер Тонганың жүрегінде өшпенділік сезімдері өршіп кетті. Әкесіне: “Мен арыстандай айбарлымын. Ираннан өш алайық”, — деді ол да. Дастанда сипатталғандай, Алп Ердің бойы қарағайдай, кеудесі мен қолдары арыстандікіндей. Пілдей күшті еді.

Соғысқа дайындық жасалып жатқанда Түрік падишаһының басқа бір ұлы “Алп Арыз” * сарайға келіп әкесіне: “Әке! Сен түріктердің ең ұлысысың. Манучехр өлді, бірақ Иран армиясының басқа алып пахлавандары мен қаһармандары бар. Қозғалмайық. Көтерілсек өлкеміз жермен-жексен етілер”, — деді. Пашаң ұлына былай деп жауап берді: “Алп Ер Тонга — аңшылықта арыстан, ұрыста ұрыс пілі сияқты баһадүр. Бейне бір крокодилдей. Ойпатта шөп өсіп, көгергенше әскерлерінді “Амулға” жібергін. Иранды аттарыңызға таптат” [39].

** Найрам — Нариман есімінің қысқартылған түрі. Сомның әкесі, Иран пахлавандарының бірі.

* Алп Арыз жөнінде қараңыз: Ridvan Nafiz // Turk Tarih, Arheologiya ve etnografya dergisi, II, Ankara, 1934, 243-249-бб.

Алп Ер Тонганы, әсіресе Сухрабтың қол жинап, Иранға қарсы аттанғаны шабыттандырып жіберді. Ол 12 мыңдай әскер жинады [40]. Атты әскерлерінің басшылары етіп Хуммон мен Барманды тағайындады. Көктемде түрік әскерлері Алп Ер Тонганың басшылығымен Иранға қарай жүре бастады. Ал екі батыр Самонганға жол алды. Олар сый-сияпатын алып, Сухрабқа падишах сәлемін жеткізді. Сухраб Ирандағы “Ақ бекіністі” қоршауға алды. Ақырында ол Забулстаннан ** келген өз әкесі Рустам тарапынан кездейсоқ жағдайда өлтіріледі.

Алп Ер Тонганың қосындары Дехстанға *** келіп жетті. Әлем көрмеген бір соғыс басталды. Алп Ер Тонганың қолы жоғары келді. Иран падишахы әскерлерімен бірге Дехстан бекінісіне келіп паналады. Алп Ер Тонга бекіністі қоршауға алды. Иран падишахы бекіністі тастап кетуге мәжбүр болды. Алп Ер Тонга оның артына түсіп, ақырында тұтқынға алды.

Қабыл өлкесінің билеушісі “Зал” ирандықтарға жәрдемге келді. Мұның нәтижесінде түрік әскерлері ойсырай жеңілді. Қаһарына мінген Алп Ер Тонга тұтқындағы Иран падишаһын шауып өлтірді. Басқа тұтқындарды да өлім күтіп тұрған еді. Бірақ бауыры Алп Арыз оны бұл райынан қайтарды. Олар “Сарыдағы” абақтыға жіберілді. Алп Дехстандағы “Рейге” келіп, Иран тәжін киді. Яғни, Иран елінің падишаһы болды.

Иран тағына Зев отырған заманда екі елдің армиясы арасында тағы да кескілескен шайқас басталып, ол 5 айға созылды. Кейін адамдары қырылып кетпесін деп, екі жақ бітімге келді. Сол арада Иран падишаһы қайтыс болып, Иран тәж-тағы тағы да бос қалады. Бұл ретте Пашаң Алп Ер Тонгаға хабар жолдайды: Жайхуннан өтіп, Иран тағына отырмауын білдіреді. Ирандықтар Түрік әскерлерінің жағдайынан хабар тауып, Залға жүгінді. Зал қартайып қалғанын алға тартып, соғысқа ұлы Рустамды жіберетінін айтты. Оның қолы жоғары келді және Кайкубадты Иран тағына отырғызды. Рустамның қолы тағы бір шабуылдағанда 1160 түрік әскері өлтірілді. Содан кейін Алп Ер Тонга әкесін бітім жасасуға жібереді.

Иран тағына Кайкавус отырған кезде арабтар көтеріліске шығады. Көтерілісті басқаннан кейін Кайкавус бір отырыста мас болып, қолға түседі. Сол заматта Алп Ер Тонга арабтарға қарсы қосын тартып барады. Оларды жеңіп, Иранға келісімен, түрік

** Зобулистон – “Шохномада” Сейстан билеушілерінің жерлері. Шамамен алғанда қазіргі Балх уәләтына тура келеді. Көне заман тарихшыларының “Бактриясымен” тәндестіруге болады. Ежелгі заманда Сейстан – қазіргі Хилмент дариясының бойындағы уәләят еді.

*** Дехстан – Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы өлке.

әскерлері қолға түскеннің бәрін тұтқындай бастайды. Ирандықтар тағы да Залдан жәрдем сұрайды. Зал арабтардың қолында тұтқындалған Кайкавусты құтқарып алып, оның және өзінің әскерлерін түріктерге қарсы жөнелтеді. Қанды бір соғыста түріктердің жартысы жер жастанды. Алп Ер Тонга қашты.

Бұл оқиғалар “Шахнаманың түсіндірме сөздігінде” (Тегрон, 1370) басқашарақ әңгімеленеді:

Кайкавус Иран тағына отырғаннан кейін, ирандықтар Рустамның қолбасшылығымен Тұран елімен бірнеше рет шайқасып, Афрасиабты қатты жеңіліске ұшыратады.

Сол кезде Кайкавус Хамаваран шахтың тұтқыны болып отырған кезде Афрасиаб Иран жеріне шабуыл жасап, ойран салады. Рустам үзеңгілес басқа да Иран жауынгерлерімен бірге жүріп Кайкавусты түрмеден босатып алғаннан кейін Иран-Тұран соғысы басталып, ақыры Афрасиабтың жеңілісімен аяқталады. Содан Афрасиаб қашуға мәжбүр болған. Осы оқиғалардан соң Сиявуштың өзіндік хикаясы басталады.

Сиявуш өз әкесі Кейқауысқа қатты ренжіп, Тұран жеріне келіп тұрақтайды. Афрасиаб Сиявушты құрмет тұтып, сый-сияпатқа кенелтеді. Ол бастапқы кезде Тұранда, Пиран Висенің қызы Жәриреге үйленеді. Кейінірек Афрасиаб өзінің аяулы қызы Фарангисті оған жар етіп тұрмысқа береді. Алайда Афрасиабтың өтірікші, айлакер, зұлым бауыры Кәрсивәз Сиявушты бауырының алдында жаман атты етіп көрсетуге тырысып, тіптен өлтіруге дейін итермелейді. Сөйтіп, Сиявуш Афрасиабтың бұйрығымен өлтіріледі.

Афрасиабтың екі бауыры болған, бірі Кәрсивәз, оның лақаб есімі Кизән, екіншісі Ағрирәс.

Ал қыздарының бірі Виспан Фриа екен. Бұны “Шахнамада” Фарангис* деп атаған, осы қызы Сиявушқа тұрмысқа шыққан. Олардың Кейхосрау атты ұлы болған. Афрасиабтың екінші қызы Мәниже екен. Ол да Бижәнға күйеуге шыққан.

М.Қашқаридің “Түрікше сөздігінде” Афрасиабтың Қаз есімді қызы болғандығын айтады. Қаздың екі шаһары болыпты. Бірі — Қазойын. Қыз үнемі сонда тұрып, серуен құрған. Екінші шаһары — Қазсуы. Ол Ілеге құятын өзеннің бойында. Қаздың күйеуі — “Шахнама” дастанында айтылатын Сиявуш.

“Авестада” Афрасиаб жөнінде берілген мәлімет “Шахнамадағы” Фирдоуси сөзімен сайма-сай келеді. Ал,

* Кейінгі замандарда “европалық” мағынада қолданылған “ференджис”, “фаранги” сөздерін (В.Ян. Собр. соч. в четырех томах. М., 1989, 504-б.) “Шахнамадағы” Фарангиспен тәндестірмеу керек деп білемін.

“Шахнамада” Афрасиаб жөнінде алғаш рет Нүзәр патшалығы кезінде сөз болады.

Афрасиабтың әкесі Пәшанг Мәнаушердің өлімінен хабардар болған соң, Афрасиабты қолбасшы етіп қалың қолмен Иранға аттандырады. Афрасиаб Нүзәрмен үш рет шайқасады. Соңында Нүзәр тұтқындалып, Афрасиаб қолынан қаза табады. Афрасиаб Нүзәрді өлтірген соң, өз бауыры Ағрирәсті де өлтіреді.

(Жалғасы бар).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дезал – Иранның он мың жылдық тарихы. Теһрон, 1359 (1979), 1-20-беттер;
Фирдавсий А. Шохнома. Қатре баспасы. Ирон, 1999.
2. Togan Z.V. On Mubarakshan Ghuri.// BSOS, VI, 852-б; J.C.Coyajee. Cults and Legends of ancient Iran and China. Bombay, 1936, 217-231-б.
3. Grundriss der Iranischen Philologie. I, 117, 624-б; Marquart J. Uber das Volkstum der Komanen. Berlin, 1914, 70-71-б.
4. Kaskari M. Divanu Lugati't-Turk. С. 1-41.
5. Atsiz. Turk Edebiyati Tarihi. Istanbul, 1943; Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. М., 1983, 106-б.
6. Et-Taberi, El-Mes'udi, Ibn 'ul-Esir.//Islam Ansiklopedisi. Istanbul, 1991, “Turan” тарауы немесе бабы.
7. Travaux de Department Orientale de l'Ermitage, II, Leningrad, 1940, 73-б.
8. Махмуд Қашқари. Түбі бір түркі тілі (Диуани лугат ит-турк). Алматы, “Ана тілі”, 1993, 20-б.
9. Тынышбаев М. История казахского народа. Алматы, изд-во “Санат”, 1998, 185-б.
10. Абдиров М. Хан Кучум, известный и неизвестный. Алматы, изд-во “Жалын”, 1996.
11. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы, 1977, 168-б.
12. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.1. Кн. первая. М.–Л., 1952, 93-б.; Сайшаал. Чингис Товчоон. Дэд дэвтэр. Хох хөт. 1990, 330-б.
13. Doc. Dr. Harun Gungor. Altay kavimlerinde Gok Tanri.- Turk Dunyasi. Tarih dergisi. Aralik, 1993, 84, S:40
14. Adile Ayda. Les etrusques etaient – ils Tures? Paris, 1971; Сонікі – Etruskler (Tursakalar) Turk idiler. Ankara, 1992; Turklerin ilt atalari, Ankara, 1987.
15. Абулқосим Фирдавсий. Шохнома. Душанбе, 1984; 101-104-б.
16. Фрай Р. Наследие Ирана. М., 1972, 76-б.
17. Alp Er Tunga'nin ozbe oz torunlari - “Yesevi”, subat, 1994 yil; 1 sayi: 2, s: 29.
18. Фрай Р. Наследие Ирана. М., 1972, 106-107-б.

19. Alp Er Tunga'nin ozbe oz torunlari - "Yesevi", subat, 1994 yil; 1 sayi: 2, s. 29.
20. Фирдавсий А. Шохнома. Душанбе, 1984, 402-403 б.
21. Фрай Р. Наследие Ирана. М., 1972, 106-107-б; 125-б.
22. Alp Er Tunga'nin ozbe oz torunlari - "Yesevi", subat, 1994 yil; 1 sayi: 2, s. 29.
23. Mahmud al-Kaskari. Kitap duvan lugat at-turk. III, Istanbul, 1335. (1917), 110-б.
24. Баласағұн Ж. Құтты білік (көне түркі тілінен аударған ... А.Егеубаев.) -Алматы, "Жазушы", 1986, 74-75-б.
25. Махмуд Қашқари. Түбір бір түркі тілі ("Диуани луғат ит-турк"). Алматы, "Ана тілі", 1993, 15-б.
26. Бұл да сонда, 16-б.
27. Alp Er Tunga'nin ozbe oz torunlari - "Yesevi", subat, 1994 yil; 1 sayi: 2, s. 29.
28. Junge Julius. Saka Studien, der Ferne nordosten im Weltbild der Antike. Leipzig Dieterische Verlagsbuchhandlung, 1939.70-б.
29. Wittek P. Der Islam, XIV, 405-б.
30. Геродот. История. М., 1993. IV Кн.
31. Turkiye Disindaki Turk Edebiyatları Antolojisi. Kultur Bakanligi. Cilt I. Ankara, 1993, T.1, 22-б.
32. Всемирная история. М., 1956, т. 1, 593-б.
33. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы, "Ана тілі", 1992, 16-17-б.
34. Фрай Р. Наследие Ирана. М., 1972, 69, 106-б.
35. Джамии ат-Таварих. Т.3. (Персид. текст и русс. перевод). Баку, 1957 және оның I томы. М., 1971.
36. Atsiz. Turk Edebiyatı Tarihi. Istanbul, 1943.
37. Фирдавсий А. Шохнома. Душанбе, 1984, 156-164-б.
38. Бұл да сонда, 164-165-б.
39. Baslangicindan Gunumuze kadar. Turkiye Disindaki Turk Edebiyatları Antolojisi. Kultur Bakanligi. Ankara, cilt I, 1993, 32-б.
40. Фирдавсий А., 168-б.